



**«Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КЕАҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
(2020 жылғы 24 желтоқсандағы №4 хаттама)  
БЕКІТІЛДІ**

**Ы.Алтынсарина атындағы Арқалық педагогикалық институты  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы –  
Ректордың, Басқарма мүшелері мен бас бухгалтердің еңбегіне ақы төлеу  
мен сыйлықақы беру жүйесі туралы  
Ереже**

**Арқалық 2020**

## 1. Қолдану саласы

Осы ереже "Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы – Ректорының, Басқарма мүшелері мен бас бухгалтерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру нысандарын, еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындайды (бұдан әрі - ереже) басшы қызметкерлер мен бас бухгалтердің еңбегіне ақы төлеу мен ынталандыру мәселелерінде бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы заңнама негізінде әзірленді және орындалуы міндетті жергілікті ішкі акт болып табылады.

## 2. Нормативтік сілтемелер

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

- Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II Заңы;
- Қазақстан Республикасының "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" 2001 жылғы 16 қаңтардағы № 142-II Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі;
- "Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық компаниялардың, акционерлік қоғамдардың басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен оларға сыйлықақы беру шарттары туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1183 Қаулысы.
- Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық басқарушы холдингтердің (Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда), ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің құрамына кіретін ұлттық компаниялардың (Ұлттық әл-ауқат қоры тобының құрамына кіретін ұлттық компанияларды қоспағанда) әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерінің лимиттерін және оларға мониторинг жүргізу тетігін айқындау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 1266 қаулысы.

## 3. Жалпы ережелер

3.1. Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- 1) еңбекке ақы төлеу - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттарға, жұмыс берушінің актілеріне және осы Ережеге сәйкес жұмыскерге еңбегі үшін сыйақының міндетті төлемін жұмыс берушінің қамтамасыз етуіне байланысты қатынастар жүйесі;
- 2) лауазымдық жалақы - жұмыскердің біліктілігі, орындалатын жұмыстың күрделілігі, саны, сапасы мен жағдайлары ескеріле отырып, еңбек

нормаларын (еңбек міндеттерін) орындағаны үшін жұмыскердің еңбегіне ақы төлеудің айына тіркелген мөлшері;

3) жылдық сыйлықақы - қол жеткізілген табыстарды материалдық көтермелеу және жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында жұмыс нәтижелеріне байланысты жылына бір рет Басқарма Төрағасына – Ректорға, Басқарма мүшелеріне және бас бухгалтерге жұмыс қорытындылары бойынша төленетін сыйақы. Жылдық сыйлықақы тұрақты сипатта болмайды.

3.2. Қоғамның басшы қызметкерлеріне мыналар жатады:

1) Басқарма Төрағасы-Ректор;

2) Басқарма Мүшелері.

3.3. Басшы қызметкерлер мен бас бухгалтердің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру Қоғамның ағымдағы қаржы жылына арналған бюджетінде еңбекақы төлеуге көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.

3.4. Қоғамның басшы қызметкерлері мен бас бухгалтерінің айлық лауазымдық жалақысының мөлшері, жылдық сыйлықақысын алу құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жасалатын еңбек шартында айқындалады.

#### **4. Еңбекке ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттары**

4.1. Басқарма Төрағасы – Ректордың, Басқарма мүшелерінің және бас бухгалтердің лауазымдық айлықақысының мөлшері орындалатын жұмыстың күрделілігіне, атқаратын лауазымына, өндірістің ерекшеліктері мен ауқымына және онымен байланысты тәуекелдерге, еңбектің салалық ерекшелігіне, республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ұйымның рөлі мен орнына қарай сараланып айқындалады және Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді.

4.2. Басшы қызметкерлер мен бас бухгалтердің өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасын арттыруға мүдделілігін күшейту үшін жылдық сыйлықақы төленеді.

Жылдық сыйлықақының мөлшері Басқарма Төрағасы – Ректордың, Басқарманың әрбір мүшесінің және бас бухгалтердің қызметін бағалауға жеке тәсіл негізінде айқындалады және даму жоспарын орындаудың сапалық және сандық көрсеткіштеріне байланысты болады.

Басшы қызметкерлерге және бас бухгалтерге жылдық сыйлықақылар аудиттелген қаржылық есептілік негізінде Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін қаржы жылының нәтижелері бойынша төленеді.

4.3. Орташа жалақыны есептеу жылдық сыйлықақыны есепке алмай, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

4.4. Бұдан басқа, Басқарма Төрағасы-Ректор, Басқарма мүшелері мен бас бухгалтер қосымша жалақыға: қоғам білім алушыларына дәріс оқығаны үшін, ғылыми гранттарды орындағаны үшін және басқа да жұмыстар үшін құқылы.

4.5. Басқарма Төрағасы – Ректорға, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар Басқарма мүшелеріне Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мөлшерде қосымша ақы төленеді.

## **5. Материалдық көмек көрсету және демалыс беру**

5.1. Басқарма Төрағасы – Ректорға, Басқарма мүшелеріне және бас бухгалтерге материалдық көмек көрсету мынадай жағдайларда белгіленген тәртіппен Қоғам қаражаты есебінен төленеді:

1) жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде сауықтыру үшін-2 (екі) лауазымдық айлықақыдан аспайтын мөлшерде;

2) бала тууға/бала асырап алуға байланысты - қызметкерге біржолғы төлеммен тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген 100 ең төменгі айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі - АЕК) аспайтын мөлшерде төленеді. Егер ата-ананың екеуі де қоғамның қызметкерлері болса, біржолғы материалдық көмек ата-анасының біреуіне олардың таңдауы бойынша төленеді;

3) қайтыс болуына байланысты:

қызметкерге - 400 АЕК-тен аспайтын мөлшерде, отбасының бір мүшесіне немесе ондай болмаған жағдайда жерлеуді ұйымдастыруды өзіне алған адамға біржолғы төлеммен;

жұбайының/балаларының, қызметкердің ата-аналарының-300 АЕК-тен аспайтын мөлшерде;

4) некеге тұруына байланысты-50 АЕК-тен аспайтын мөлшерде;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қарашадағы № 1309 қаулысымен бекітілген кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізіміне және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін еңбекке жарамсыздықтың анағұрлым ұзақ мерзімі белгіленген аурулар тізбесіне сәйкес қызметкерді немесе оның отбасы мүшелері болып табылатын адамдарды емдеуге/операцияға байланысты егер емдеу/операция шығындары компанияның медициналық сақтандыру бағдарламасында белгіленген лимиттен асып түскен жағдайда (негіздеме: науқас тарихынан үзінді көшірме, емдеуші дәрігердің қорытындысы, шығыстарды растайтын құжаттар) – 100 АЕК-тен аспайтын мөлшерде.

5.2. Басқарма мүшелеріне бір жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілетін стратегиялық қызметтің түйінді тиімділігі (бұдан әрі – KPI) қол жеткізуге және олардың қызметін бағалау нәтижелеріне, сондай-ақ аудиттелген қаржылық есептілік негізінде Қоғамның қаржы-шаруашылық нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін таза шоғырландырылған пайданың болуына байланысты есепті жылдың қорытындылары бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте осы сыйақының жалпы жылдық көлемі 6 (алты) лауазымдық айлықақыдан аспауға тиіс.

5.3. Басқарма мүшелеріне жатпайтын Қоғам қызметкерлеріне сыйлықақы беру Басқарманың шешімімен бекітілетін жеке КРІ-ға қол жеткізуге және олардың қызметін бағалау нәтижелеріне байланысты, жеке КРІ-ға қол жеткізу бойынша бағалау нәтижелерін (тоқсан, жыл) Қоғам басқармасы мақұлдағаннан кейін, есепті кезеңнің (тоқсан, жыл) қорытындылары бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте осы сыйақының жалпы жылдық көлемі 6 (алты) лауазымдық айлықақыдан аспауға тиіс.

5.4. Мемлекеттік мерекеге Басқарма мүшелері, бас бухгалтер, ішкі аудит қызметінің басшысы, корпоративтік хатшы және барлық қызметкерлер үшін сыйлықақы беру қоғамның қалауы бойынша жыл ішінде жүзеге асырылады, бұл ретте осы сыйлықақының жалпы жылдық мөлшері 1 (бір) қызметкерге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақының 10 (он) мөлшерінен аспайтын мөлшерді құрайды.

5.5. Басқарушы қызметкерлер мен бас бухгалтерге жұмыс орны мен орташа жалақысы сақтала отырып жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына кепілдік беріледі.

5.6. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кезде күнтізбелік жылда бір рет сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді.

## **6. Басқалары**

6.1. Ережені бекіту, сондай-ақ өзгерістер мен толықтырулар енгізу Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

6.2. Осы Ережемен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алу қажет.